

# METU LIFE

«СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖЫЛЫ»





## Құрметті, Халықаралық инженерлік - технологиялық университетінің студенттері, жастары, ұжымы және әріптестер!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Жылға мұндай атау беру – жұмысшы мамандарға, еңбек адамдарына деген сыйластық пен құрметті арттырып, қарапайым еңбектің жоғары бағасын ұғынуды үйретеді. Президенттің бастамасын қолдай отырып, біздің университеттің белсенді студенттері ұсыныс білдіріп осы жыл METU университетінде «Өзін-өзі басқару жылы» деп жарияланған болатын.

Осы бағытта еңбек адамдарын қолдау және студенттердің бастамасына демеу көрсетуде біршама жұмыстар жалғасын тауып жатыр. Университет басшылығы жастардың еңбек етуіне, өз мамандықтарының иесі болуына, қашанда еңбектің жоғары тұратынын сезінуіне жағдай жасап, қолдайды. Осы салада біздің жастарымыздың, ұжымымыздың үлгі етер істері көп. Мұндай жарқын істер тарихта қалуы керек. Міне осы биылғы ерекше жылда «журналын жалғастырып, METU life» жарыққа шығаруды құп көрдік. Бұл журнал студенттік өмірдің жарқын айнасы, университеттің жаңалық жаршысы. Басылым бетінде мақтанышпен қуана, жарыса жазатын жетістіктеріміз көп болсын! Еліміздің ғана емес, шетелдік білім алаңын елең еткізген ғылыми жобаларымыз, білім, өнер, спорт, еңбек саласындағы жағымды жаңалықтарымызды жариялай берейік!

Біздің студенттеріміздің, магистранттарымыздың және докторанттарымыздың білімге, оқуға, ғылымға деген қызығушылығы өте жоғары, сонымен бірге қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы мені қуантады. Мұндай жастарды METU басшылығы қолдауға, тығыз қарым-қатынас орнатып, бір толқында жұмыс істеуге әрдайым дайын. Біздің университеттің оқытушы-профессорлар құрамы қашан да сапалы білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, болашақ маман даярлауға, сіздердің университеттегі әр сәттеріңізді пайдалы да қызықты өткізуге ықпал етуге дайын.

Әр белесті бірге бағындырып, кампусымызда жоғары көңіл күй орнатып, ұжымдық ұтымды сәттерге жетейік!

Құрметпен, METU ректоры Сәрсенбекова Гүлнар Әлібекқызы.

## Қазақстан мен Қытай оқу орындары білім беру саласында өзара жаңа келісімдер жасады

Бүгін Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде (METU университеті) Қазақстан мен Қытай елдері арасында өнеркәсіп пен білім беруді интеграциялау мақсатында халықаралық форум өтті. Халықаралық форумға Қытай Білім министрлігі Қытай-Шетел мәдени алмасу орталығының директоры Ю Чансюэ мырза, Алматыдағы Қытай Бас консулдығының білім консулы Хуан Сяомин ханым, Бейжіңдегі «НУАТЕС» компаниясының президенті Чжан Ю мырза және Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сарсенбекова, сонымен бірге Қытай университеттерінің басшылары қатысты.



Айта кетсек, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев екі елдің білім, ғылым, озық технологиялар салаларында байланысын нығайтуды назарда ұстайды. Мәселен, Мемлекет басшысы жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Көрші Қытай елінде әлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар, олар тәжірибесін бөлісуге дайын», - деген болатын. Бүгінгі орын алып отырған форум осы аталған міндеттемелерді іске асыру алаңы болды. Мемлекет басшысының жоғарыда атап өткен тапсырмасын Қазақстандағы жоғары оқу орындарының алғашқысы болып университеті қолға алып, жүзеге асырып отыр. Қытай мемлекетінің METU бірнеше озық білім орындарымен меморандумдарға қол қойылып, осы мақсатта жұмыс басталып кетті. Осы форумда Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде Қытай елінің білім, ғылым салаларындағы озық технологияларын бөлісуге дайын компаниялармен ынтымақтаса отырып Цзинши институты ашылып, өз жұмысын бастады. Цзинши институты («Мұнай-химиялық технология» мамандығы бойынша) - бұл Қазақстан халықаралық инженерлік-технология-НУАТЕС, лық университеті және Шыңжаң қолданбалы технология институты бірлесіп салған халықаралық білім беру жобасы. өнеркәсіп пен білім интеграциясы кәсіпорнының ресурстық НУАТЕС артықшылықтарына толық мүмкіндік береді, қытай және қазақ жоғары оқу орындары арасында академиялық алмасу және таланттарды оқыту үшін платформа құрып, Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуды ілгерілетеді.


Форумда сөз алған Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сәрсенбекова: «Білім – кез келген мемлекет өркендеуінің негізі. Біздің университет диалог пен жаңа мүмкіндіктерге ашық. Екі ел арасындағы ынтымақтастық серіктестігі білім мен ғылымның қарқынды дамуына негіз болады.



Форумның басты кезеңі - Цзинши институтының университетінде ашылуы. METU Цзинши институтының өнеркәсіп-білім интеграциясы саласындағы ерен еңбегі халықаралық дәрежеде мойындалуда. Әлемдік деңгейдегі озық технологиялармен бөлісуді мақсат тұтқан бүгінгі игі шара - Ұлы Жібек жолындағы екі елдің болашаққа ұмтылудағы құндылықтары мен үміттерін арттырады», - деп атап өтті.

Қазақстанда былтырдан бастап «Цзинши» жобасы жүзеге асып келеді. Бұл жобаға дейін білім беру саласындағы «Белдеу және жол» халықаралық ынтымақтастығын ілгерілету және елдер арасындағы мәдени алмасуды ілгерілету мақсатында Қытайдың Білім министрлігінің Қытай-Шетел мәдени алмасу орталығы мен Бейжің бірлесіп HUATES «Гуманитарлық алмасу Цзинши жобасын» іске қосып, жүзеге асырған. Бүгін екі елдің білім саласындағы практикалық ынтымақтас - тығын одан әрі тереңдетуді мақсат етіп, халықаралық дәрежеде Қазақстанның Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде форум өтіп жатыр.

Қытай елінен халықаралық форумға арнайы келген Қытай Білім министрлігі Қытай-Шетел мәдени алмасу орталығының директоры Ю Чансюэ мырза: «Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуды ілгерілетуге бел буған достарымызға үлкен құрметімді білдіргім келеді.





Қытай мен Қазақстан – бір-біріне көмектесетін тату көрші, өзара сенімі жоғары жақсы дос, өзара табысқа қол жеткізген жақсы серіктес. Соңғы жылдары екі ел басшыларының бірлескен басшылығымен Қытай мен Қазақстан жан-жақты стратегиялық ынтымақтастық серіктестігі одан әрі тереңдей түсіп, мәдени алмасуы екіжақты қарым-қатынастың маңызды тұғырына айналды.

Білім беру ол мәдени алмасудың маңызды бөлігі ретінде жемісті нәтижелерге қол жеткізді. Цзинши жобасы жүзеге асты. Бұл жоба «ЖОО-ЖОО-кәсіпорын» бірлескен білім беру үлгісін жаңартады, Қытайда «Цзинши халықаралық институт» және шетелде «Цзинши институт» құрылысынан басталады. Жобада халықаралық оқыту платформасын жасайды, халықаралық оқу бағдарламаларының ресурстарын әзірлейді, халықаралық кәсіби құрылыс стандарттарын қалыптастырады және халықаралық қолданбалы техникалық дарындыларды тәрбиелейді. Жоба жүзеге асырылғалы бері соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда, Тайландта, Лаоста, Камбоджада, Ресейде, Египетте және басқа да елдерде 30 «Цзинши институт» салынды», - деп атап өтті. Бүгін Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде Цзинши институтының ашылуы - Қытай мен Қазақстанның білім саласындағы ынтымақтастығына, екі ел арасындағы мәдени түсіністікті, достық пен өзара сенімділікті арттыруға берік көпір салып, Қытай-Қазақстан қоғамдастығына қуат береді. Бейжің HUATEC компаниясының президенті Чжан Ю мырза: «Қазақстанның асем қаласы Алматыға қелу және Қазақстанның Халықаралық инженерлік - технологиялық университетінің Цзинши институтының ашылу салтанатына қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Қытай-Қазақстан қарым-қатынасы мың жылдық тарихы бар Жібек жолы бойында басталды. Қазір дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған 33 жылдық өзара тиімді ынтымақтас-тықтан кейін екі ел тұрақты жан-жақты стратегиялық әріптестікке қол жеткізді. Қытайдың өнер-кәсіп-білім интеграциясы саласындағы көрнекті кәсіпорны ретінде HUATEC «Белдеу мен жолды» бірлесіп құру жөніндегі білім беру әрекетіне белсенді түрде жауап берді және жүзеге асырады. Біз Қытай Білім министрлігінің Қытай-Шетел мәдени алмасу орталығынан қолдауға ие болдық. Хуашэн Цзинши Халықаралық инженерлік-технологиялық университетімен ынтымақтаса отырып білім беруді интернационалдандыру бағытында бірлесіп жұмыс жасайды», - деді.



Халықаралық форум барысында Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сәрсенбекова Қытайдың Цзинши институтын салу бойынша Нанкин политех институтының ректоры Чжан Сяоцзюнь мырзамен ынтымақтастық туралы меморандумға, сонымен бірге Цзилинь электронды ақпарат кәсіптік колледжі партия комитеті хатшысының орынбасары Ши Хунфа мырзамен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Университеттің студенттік көркемөнерпаздар ұжымы өз өнерлерін паш етіп, қонақтар өзара естелік сыйлықтармен алмасты.





### Биыл METU-де — «Студенттік өзін-өзі басқару жылы»

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті (METU) 2025 жылды «Студенттік өзін-өзі басқару жылы» деп жариялады!

Бұл шешім студенттер үшін маңызды мүмкіндіктер мен әсерлі өзгерістер әкеледі. Жаңа бастама студенттерге университеттің ішкі өміріне белсенді қатысуға, шешім қабылдау үдерістеріне араласуға және өз дағдыларын жетілдіруге жол ашады.

### METU — академиялық өсу алаңы Булатова Маржан Шахмарданқызы,

4 курс студенті, «Miss METU» атты сұлулық байқауының бас жүлде иегері

METU университетінде білім алу мен үшін үлкен мүмкіндіктер мен жаңа белестерге жол ашқан ерекше кезең. Бұл оқу орны маған тек кәсіби білім мен дағдыларды үйретіп қана қоймай, сонымен қатар тұлға ретінде қалыптасуыма, өзімді жан-жақты дамытуыма жағдай жасады. Осы жолда жеткен жетістіктерім мен үшін мақтаныш қана емес, сонымен бірге өмірімнің маңызды бір бөлігіне айналды.



Академиялық жетістіктерім. METU университетінің сапалы білім беру жүйесі мен оқытушыларының кәсіби қолдауы арқасында мен академиялық тұрғыдан зор жетістіктерге жеттім. Оқу бағдарламаларының мазмұны мен инновациялық әдістері маған теорияны тәжірибемен ұштастырып, білімімді өмірде қолдануға мүмкіндік берді. Мен бірнеше пәндер бойынша үздік көрсеткіштерге ие болып, жоғары академиялық үлгерімді сақтап келемін.

Сонымен қатар, университет қабырғасында өткізілген ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарына қатысып, өзімнің ғылыми-зерттеу қабілеттерімді дамытуға мүмкіндік алдым. Алматы қаласында өткен қалалық, республикалық және ТМД деңгейіндегі жарыстардан 1-2 дәрежелі жүлделі орындар алдым.

Шығармашылық жетістіктерім. METU университеті – тек білім ордасы ғана емес, шығармашылық идеялардың жүзеге асатын ортасы. Университетте өткізілген түрлі мәдени және шығармашылық іс-шараларға белсенді қатысуымның нәтижесінде өзімнің шығармашылық қабілеттерімді жетілдірдім. Сонымен қатар, университеттің мәдениет және өнер бағытындағы шараларында белсене қатысып, би өнеріне өз үлесімді қостым. Бұл тәжірибелер мені көпшілік алдында өнер көрсетуге үйретіп, сенімділігімді арттырды. Осы қызығушылығымның арқасында 2022 жылы «Кербез» атты би тобын аштым. Қазіргі оқу жылына дейінгі кезеңде би тобы дамып, заманауи және ұлттық би түрлерімен айналысып келеді. Сонымен қатар, университетімізде өткен «Miss METU» атты сұлулық байқауында бас жүлдеге ие болдым. Бұл менің шығармашылық жолындағы үлкен жетістіктерім.



Көшбасшылық дағдыларды дамыту. Университетте оқып жүріп, мен тек білім алып қана қоймай, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерімді дамытуға да көп көңіл бөлдім. Студенттік ұйымдардың жұмысында белсенділік танытып, түрлі жобалар мен іс-шаралардың ұйымдастырушысы болдым. Мен студенттік кеңестің мүшесі ретінде өзімнің және басқа студенттердің мүдделерін қорғап, университет әкімшілігімен бірлесе жұмыс істедім. Сонымен қатар, жастар арасындағы конференциялар мен форумдарға қатысып, өз ойымды еркін жеткізіп, пікірталастарда көшбасшы болуды үйрендім.

Әлеуметтік жауапкершілік және қоғамға қызмет ету. METU университеті маған тек жеке жетістіктерге ұмтылу ғана емес, сонымен қатар қоғамға қызмет етудің маңыздылығын түсіндірді. Осыған орай, мен қайырымдылық шараларына қатысып, әлеуметтік жобалар ұйымдастыруға үлес қостым. Әсіресе, экологияны қорғау, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсету сияқты бастамаларда белсенділік таныттым. Бұл әрекеттерім мені адамгершілік қасиеттерді бағалауға және айналама ықпал етуге үйретті.

Жеке даму және өсу. METU университетінде оқыған жылдарым мен үшін жеке даму тұрғысынан ерекше кезең болды. Әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастардың тоғысында жүргендіктен, өзімнің ой-өрісімді кеңейттім. Тіл үйрену, жаңа достар табу, халықаралық жобаларға қатысу арқылы мен жаһандық тұрғыдан ойлауды үйрендім. METU университетіндегі жетістіктерім – менің еңбегімнің, университет ұсынған мүмкіндіктер мен ортадағы қолдаудың жемісі. Бұл жерде алған білім мен тәжірибелер болашақта мені үлкен белестерге жетелейтініне сенімдімін. METU – менің өмірлік жолымды айқындаған және маған сенім берген мекен. Ендігі мақсатым – осы жетістіктерімді ары қарай дамыту және алған білімімді қоғам игілігіне пайдалану.

**METU – менің табысымның бастауы!**

## ҚЫСҚЫ МЕКТЕП

## METU LIFE

### Қысқы мектеп – 2025: «Инженерлік білім беру сапасын арттыру контекстіндегі оқыту модельдері мен әдістері»

Халықаралық инженерлік-техникалық университетінде Қысқы мектеп – 2025 аясында «Инженерлік білім беру сапасын арттыру контекстіндегі оқыту модельдері мен әдістері» атты оқу-әдістемелік конференциясы өтті. Қаңтар айының 9-20 күндері өткен дәстүрлі іс-шарада университеттің әкімшілік басқару қызметкерлері, кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы өздерінің кәсіби шеберліктерін дамытып, білімдерін жетілдіре отырып, тәжірибе алмасты.



Оқу-әдістемелік конференциялы Халықаралық инженерлік-техникалық университетінің ректоры Гүлнәр Сәрсенбекова Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 3 қаңтардағы «Мақсатым - экономика мен егемендікті нығайту» Үндеуінен туындайтын инженер мамандарды дайындаудағы басты бағыттарға тоқталып, инженерлік білім беру сапасын арттыру бойынша оқытудың үлгілері мен әдістерін талқыға салынды.



«Бұл тек университеттің емес, отандық инженерлік саланың дамуына оң ықпал ететін мүмкіндік алаңы. Бір аптаға ұласқан шарада ғалымдар мен тәжірибелі оқытушылар өз зерттеулері мен тәжірибесіне сүйене отырып, саладағы тың жаңалықтарды көпшілікке хабардар етті. Әлбетте, мұндай басқосулар сапалы маман дайындауға жол ашады деп сенемін», – деді ректор.

Қысқы мектеп аясында жоғары білім беру әдістемесі, білім беру қызметі сапасын бұдан әрі жақсарту, оқытуда жасанды интеллектті пайдалану, оқу-өндірістік және ғылыми зертханалар жағдайында пәнаралық курстар бойынша зертханалық-практикалық жұмыстарды жүргізу әдістемесі, университеттің тұрақты даму аспектісі ретінде білім беру бағдарламаларына ESG-қағидастарын енгізу, білім беру процесі мен басқаруды цифрлық трансформациялау, студенттермен кері байланысты тиімді ұйымдастыру үшін виртуалды чат-боттарды құру және т.б. оқыту сапасын жақсартуға бағытталған басқа да тақырыпта айтары бар мамандардың баяндамалары тыңдалды.



Қысқы мектеп аясындағы айтылған ұсыныстар нәтижесінде инженерлік-техникалық мамандарды даярлау бағытындағы соны жаңалықтар сараланып, арнайы қаулы қабылданды. Сапалы білім – жарқын болашақ кепілі. Ал жоғары білім мен ғылым саласын ұштастырып, шәкірттерге терең әрі сапалы білім беруді мақсат еткен көшбасшы Халықаралық инженерлік-техникалық университет инженер маманын дайындау ісіне жаңаша леппен кірісіп кетті.





### Болашаққа жарқын қадам: ректор - эдвайзер - студент үштігі

Жақында METU басшылығы мен кафедра эдвайзерлері арасында өткен кездесуде студенттердің оқу процесі мен қысқы демалыстардағы уақытын тиімді пайдалану мәселелері талқыланды. Эдвайзерлер өз студенттерінің кәсіби бағдар беру жолында мектептерде жүргізіп жатқан жұмыстарын айтып, директорлардың алғысына ие болғанын қуана жеткізді.

Әр кафедра өз ерекшеліктерімен бөлісіп, студенттер үшін теориялық біліммен қатар, мамандықтарына сай үйірмелер ұйымдастыру ұсыныстары айтылды. Бұл болашақ мамандар үшін бағалы тәжірибе болар еді.

Сонымен қатар, студенттердің университет қабырғасында жеке жетістіктері ерекше ескерілу керектігі айтылды. Оларды қолдау көрсету арқылы ынталандыру қажеттігі ұсынылды. Эдвайзерлік сағаттардың маңызы аталды. Мұндай сағаттар студенттердің жеке сұрақтарын шешуге мүмкіндік беріп, сенімді қарым-қатынас орнатуға жол ашады. Эдвайзерлердің кәсіби бағыт беруі мен студенттердің дамуына ықпалы университеттің білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады деп қорытыланды.

### Лерх София — Жылдың үздік студенті

Лерх Софияны тамаша жетістігімен құттықтаймыз! Бұл іс-шара біздің «Тағам өнімдерін өндіру технологиялары және инжиниринг» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің дайындығының жоғары деңгейін көрсетеді. Сондай-ақ лектор Даулетханқызы Арайлымның ғылыми жетекшілігінің маңызды рөлін атап өткіміз келеді, оның қолдауы мен жетекшілігі Софияның жетістігіне ықпал етті.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH (NACSIR) ұйымдастырған халықаралық байқауда София терең білімін ғана емес, ғылыми мәселелерді шешудегі шығармашылық көзқарасын да көрсетті. Оның жұмысы қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланды, бұл біздің білім беру сапамызды растайды.

Біз София өзінің конкурсқа қатысу тәжірибесімен бөлісіп, ғылыми зерттеулері туралы айтып беретін арнайы іс-шара ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Бұл студенттер мен оқытушыларға сұрақтар қоюға және өз жобаларына шабыт алуға тамаша мүмкіндік болады.

Сондай-ақ, біз студенттерді кафедра жаңалықтарын бақылап отыруға, ғылыми қызығушылықтарды және кәсіби дағдыларды дамытуға көмектесетін алдағы іс-шараларға белсенді қатысуға шақырамыз. Софияның жетістігі басқа студенттерді ғылыми қызметке және конкурстарға белсенді қатысуға ынталандыратынына сенімдіміз.





Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан халқына жариялаған Жолдауында 2025 жылды “Жұмысшы мамандықтары жылы” деп жариялады. Жыл атауына орай университетте біршама жұмыстар қолға алынып, жүзеге асуда.

4 ақпанда Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде (METU) Алматы қаласының жетекші колледждері: Халықаралық инженерлік-технологиялық университет колледжінің (METU колледжі), Алматы технологиялық колледжінің (АТК), Алматы құрылыс-техникалық колледжінің (АҚТК), Almaty Polytechnic College, Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің (КИТИГ) директорлары мен METU басшыларының кездесуі өтті. Кездесу барысында жаңа білім беру бағдарламалары, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды дамыту, сондай-ақ білім беру ұйымдары арасындағы тәжірибе және кадрлар алмасуға қатысты стратегиялық мәселелер талқыланды.

Қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына ықпал ететін жұмысшы және техникалық мамандықтар мамандарын даярлауға баса назар аударылды.



Кездесу аясында METU ректоры Г.Ә. Сәрсенбекова, METU колледжінің директоры М.Х. Шалабаева, АТК директоры Е.С. Карагулов, АҚТК директоры Б.С. Ахметов, Almaty Polytechnic College директоры М.А. Омарбеков, КИТИГ директоры Н.Ж. Жабықбаев колледждердің инновациялық ресурстарын құру және жоғары білікті мамандарды даярлау үшін бірлескен білім беру бағдарламаларын құру жөніндегі ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

**Меморандумға қол қою аясында ынтымақтастықтың негізгі бағыттары талқыланды:**

- Білім беру бағдарламалары мен курстарын бірлесіп әзірлеу;
- Студенттер үшін тағылымдамалар мен тәжірибелерді ұйымдастыру;
- Бірлескен ғылыми зерттеулер және оқу үдерісіне инновациялық шешімдерді енгізу;
- Жастар арасында жұмысшы мамандықтарын дәріптеу.

Ынтымақтастық туралы Меморандум сонымен қатар колледждердің зияткерлік және материалдық-техникалық ресурстарын белсенді пайдалануды көздейді, бұл студенттерге, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерге жаңа мүмкіндіктер береді.

Іс-шара барысында колледж директорлары бұл келісім барлық қатысушылар үшін жаңа көкжиектер ашатынына және Алматы қаласында және жалпы Қазақстанда білім беру сапасын жақсартуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Бұл бастама білім беру мекемелерін интеграциялау, ғылым мен білім және өндірістік кәсіпорындар арасындағы байланыстарды нығайту жолындағы маңызды қадам болып отыр.





### METU студенті Өзбекстанда да оқи алады

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті (METU) мен Ташкент мемлекеттік экономика университеті (ТМЭУ) жыл басында білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті Өзбекстандағы экономика, қаржы, менеджмент және осыған қатысты пәндер бойынша мамандар даярлаудағы жетекші жоғары оқу орны.

Ынтымақтастық туралы жаңа келісімнің мақсаты – білім, ғылым және инновациялар саласындағы өзара ынтымақтастықты дамыту.

#### Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Оқу бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу және студенттерді, магистранттарды, PhD докторларын даярлау.
- Ғылыми зерттеулер жүргізу және бірлескен жобаларға қатысу
- Академиялық мобильділік.

Тараптар сондай-ақ бірлесіп ғылыми-зерттеу бағдарламаларын әзірлеу, конференциялар мен басқа да ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру туралы келісімге келді.



## METU және UNIDEM – жаңа мүмкіндік

### METU басшылығы және UNIDEM білім беру орталығы басшылығы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті (METU) және UNIDEM білім беру орталығы абитуриенттерді дайындау сапасын арттыру және түлектерге жаңа мүмкіндіктер ұсыну мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумды бекітті.

**Құжатқа METU ректоры Сарсенбекова Гүлнар Әлібекқызы және UNIDEM негізін қалаушы, бас директор Османова Сабина Махмутжановна қол қойды.**

**Келісім шеңберінде тараптар:**

- ҰБТ-ға дайындық деңгейін арттыру мақсатында бірлескен жұмыс жүргізеді.
- Оқушылар үшін білім беру іс-шараларын, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырады.
- Кәсіби бағдар беру және мамандық таңдау мәселелерінде өзара әрекеттеседі.

METU ректоры Гүлнар Әлібекқызы сапалы ҰБТ дайындығы түлектердің жоғары оқу орнына түсу мүмкіндіктерін кеңейтетінін және білім беру орталықтарымен серіктестік абитуриенттер үшін қолайлы жағдайлар жасайтынын атап өтті.

UNIDEM METU-бас директоры Сабина Османова мен әріптестіктің орталық түлектеріне жаңа академиялық перспективалар ашатынын және жоғары білім алуға қолдау көрсететінін айтты. Осы меморандум аясында METU-білім беру орталығының түлектері UNIDEM де оқуға 20% жеңілдік алады. Тараптар одан әрі ынтымақтастықты нығайту және білім беру саласында бірлескен бастамаларды жүзеге асыру жөнінде уағдаласты.



## Жасанды интеллектіңі меңгерді

Университетте «Жасанды интеллект: болашаққа бастар жол» тақырыбында RAI компаниясы мамандарының шеберлік сақаттары өтті.

«Жасанды интеллект: болашаққа бастар жол» тақырыбындағы шеберлік-сақатты METU университетінің «Робототехника және ғылыми жобалар» бөлімінің қызметкері Сагитжанов Берік Мейрамұлы мен Жастар ұйымы комитеті ұйымдастырушылары өткізді. Іс-шараға ғылымға қызығушылық танытқан университетіміздің студенттері, сондай-ақ профориентациялық мақсатта халықаралық байқауларға қатысып жүрген мектеп оқушылары қатысты.

Негізгі мақсат – болашақ мамандарға жасанды интеллект саласында білім беріп, оны өз кәсіби қызметінде қолдануға үйрету. Шеберлік-сақат барысында студенттерге екі Rosmaster роботы көрсетіліп, олардың жұмыс принциптері мен қолдану әдістері түсіндіріліп, практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік берілді.

RAI компаниясына арнайы қонақ ретінде келіп, өз тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс білдіреміз!






METU делегациясы Атырауға барып қайтты

METU өкілдері Атырауда өткен «Білімді Келешек I» көрмесінде өз мүмкіндіктерін таныстырды.

2025 жылдың 13 ақпанында Атырау қаласында «Білімді Келешек I» халықаралық білім көрмесі өтті. Бұл көрме Қазақстан және шетелдік оқу орындарының талапкерлерімен тікелей қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін маңызды алаң.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті (METU) көрмеге қатысып, болашақ студенттер мен олардың ата-аналарына оқу бағдарламалары, ғылыми жобалар және оқу орнының ұсынатын мүмкіндіктері туралы мағлұмат берді. Университеттің жаңа технологияларды енгізу, заманауи зерттеу бағыттарын дамыту және студенттерге халықаралық деңгейде білім алу үшін жасаған жағдайлар көрме қатысушыларының назарын ерекше аудартты.

Шара барысында METU өкілдері талапкерлермен кездесіп, оларды қызықтыратын сұрақтарға жауап берді, университетке түсу талаптары мен студенттік өмірдің артықшылықтары туралы айтып берді. Көрме барысында университет пен білім алушылар арасында тәжірибе алмасу және болашақ білім беру ынтымақтастығы туралы келіссөздер жүргізілді.



METU студенттері кәсіби бағдар беру шеберлік сабақтарын өткізді



Халықаралық инженерлік-техникалық университетінің (METU) студенттері өз тәжірибелерімен белсенді түрде бөлісуді және мектеп оқушыларына кәсіби жол таңдауда шабыт беруді жалғастыруда. Біздің студенттер туған мектептеріне барып, кәсіби бағдар беру іс-шараларын мастер-класс форматында өткізіп қайтты.

Кездесулер кезінде студенттер университеттегі өмірі туралы айтып, оқыту, ғылыми жобалар мен белсенді оқу жолындағы әсерлерімен бөлісті. Мектеп оқушылары METU-дың бір бөлігі болу қандай екенін білуге мүмкіндік алды. Студенттер сондай-ақ университетке түсуге дайындық туралы пайдалы кеңестер беріп, мамандық таңдау және студенттік өмірдің ерекшеліктері туралы көптеген сұраққа жауап берді.

Мастер-класстар форматы кездесулерді интерактивті және мазмұнды етуге мүмкіндік берді. Оқушылар студенттер әзірлеген қызықты практикалық тапсырмаларды орындап, сондай-ақ METU-де олар үшін ашылатын мүмкіндіктер туралы білді: заманауи білім беру бағдарламалары, халықаралық конкурстар мен тәжірибелерге қатысу, сондай-ақ студенттік ұйымдардағы жұмыс арқылы көшбасшылық дағдыларын дамыту.

METU өз студенттерімен мақтанады! METU студенттері өз білімдерімен белсенді түрде бөлісіп, жас ұрпаққа шабыт береді. Мұндай бастамалар университет пен мектептер арасындағы байланысты нығайтуға және мектеп оқушыларына болашақтарын саналы түрде таңдауға көмектеседі.



### New Format High School

METU командасы Ақтау қаласында New Format High School түлектерімен кәсіби бағдар беру кездесуін өткізді.

METU университетінің өкілдері Ақтау қаласындағы New Format High School бітіруші сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру кездесуін өткізді. Кездесу барысында студенттерге жоғары білім алу мүмкіндіктері, мамандықтар және университетке түсу шарттары туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Оқушылар METU университетінің академиялық бағдарламаларымен, білім беру ерекшеліктерімен танысып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Сонымен қатар, мектеп бітірушілер университеттің тәжірибелік бағдарламалары мен оқу үдерісінің артықшылықтары туралы кеңінен білді.



**Жаңа білім шыңында ...**

**Наргиз Маханова академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқуын жалғастырып жатыр.**

«БВ08103 - Жеміс-көкөніс шаруашылығы және агротопырақтану» білім беру бағдарламасының студенті Маханова Наргиз академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы университетіне ауысып, білім алуды жалғастыруда. Бұл мүмкіндік студентке өз саласы бойынша жаңа білім мен тәжірибе жинақтауға, басқа университеттердегі білім беру тәжірибесімен танысуға және кәсіби дағдыларын жетілдіруге жол ашады.

Наргиздің эдвайзері – т.ғ.м., лектор Джумабекова Гульзира Шабаевна, ол студентке оқу процесінде ғылыми және кеңес беру қолдауын көрсетіп келеді.

Біз өз студенттеріміздің жетістіктерімен мақтанамыз және академиялық ұтқырлық бағдарламасы Наргизге ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі саласында біліктілігін арттыруға зор мүмкіндік беретініне сеніміміз мол.


## Академиялық ұтқырлық студенттердің білім сапасын арттыруға зор үлес қосады.

Тағам өндірісінің техникасы және технологиясы кафедрасының «6B08103 - Жеміс-көкөніс шаруашылығы және агроотырақтану» білім беру бағдарламасы студенті Аяулым Аубакирова академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Павлодар қаласындағы Торайғыров университетінде оқуын жалғастыруда. Аяулымның бұл тәжірибесі оған жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге, сондай-ақ басқа университеттің оқу процесімен танысуға мүмкіндік береді. Академиялық ұтқырлық студенттердің кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына және білім сапасын арттыруға зор үлес қосады.



Біз Аяулымға сәттілік тілейміз және оның тәжірибесі кафедра студенттеріне үлгі болады деп сенеміз. Студенттерімізді академиялық ұтқырлық бағдарламаларына белсенді қатысуға шақырамыз, себебі бұл олардың болашақ мансаптарына оң әсер етеді.





## METU шетелдік студенттерді қарсы алды!

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетіне әлемнің 15 елінен шетелдік студенттер оқуға келді. Бұл оқиға университеттің халықаралық ынтымақтастығын дамытуда және көпмәдениетті білім беру ортасын қалыптастыруда маңызды қадам болды.

Шетелдік студенттерді қолдау мақсатында университеттің оқытушылары мен қызметкерлерінен жасақталған эдвайзерлер тағайындалды. Эдвайзерлер шетелдік студенттерге оқу және тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектеседі. Бұл студенттердің жаңа білім беру ортасына тез бейімделуіне және академиялық қауымдастықта өздерін жайлы сезінуіне оң ықпал етеді.

Университет шетелдік студенттерді қуана қарсы алады және олардың табысты білім алуына, жаңа жетістіктерге жетуіне және қызықты студенттік өмір сүруіне барлық жағдайларды жасауға дайын!

## Университетке жазушы келді

### «Еңбек адамы»: республикалық «Таң-Шолпан» журналының бас редакторы, жазушы Нұрлыбек Саматұлымен кездесу кеші өтті



- Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ұстаздар қауымына, студенттеріне сәттілік, табыс тілеймін.

- Студенттермен кездесуіміз өте қызықты болды, Өнер мен ғылым туралы еркін әңгіме өрбіттік.

- Кездесуді ұйымдастырған университеттік кітапхана меңгерушісі Зағи ханымға көптен де көп рақмет!

#### Нұрлыбек Саматұлы

Жазушы, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы.

30 қаңтар, 2025 жыл.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде «Еңбек адамы» айдарында және METU-дың «2025 - студенттік өзін-өзі басқару жылы» аясында республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, «Мәдениет саласының үздігі» Нұрлыбек Саматұлының қатысуымен кездесу кеші өтті.

Кездесу барысында жазушы өзінің шығармашылық жолы, әдебиет саласындағы қызметі мен қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері туралы ой бөлісті. Студенттер көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, ақынның өлеңдерін оқып, жазушымен ашық сұхбат құрды. Нұрлыбек Саматұлы өз кезегінде шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірден алынған шынайы бейнесі мен оларды сомдаудағы шығармашылық үдерісі туралы баяндады.

Сондай-ақ, әдебиеттегі шындық пен қиялдың үйлесімі, жазушылық шеберлік және қаламгердің жауапкершілігі туралы ой қозғап, студенттердің қызығушылығын одан әрі арттырды. Кездесудің студенттер үшін маңызы зор болды. Шығармашылық пен ғылымның сабақтастығы туралы ой өрбіткен жазушы жастарды білімге, ізденіске, әдебиетке жақын болуға үндеді. Бұл өз кезегінде студенттердің рухани дамуына ықпал етіп, болашаққа деген сенімін арттырды. Осындай мазмұнды кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, студенттердің танымдық көкжиегін кеңейтеді деген сенімдеміз.





«Еңбегім – мәртебем!»

Университет студенттері «Еңбегім – мәртебем!» акциясын іске асырды.

Университетіміздің студенттері «Еңбегім – мәртебем!» акциясын іске асырып, еңбек мәдениетін дамытуға және еріктілік қызметіне өз үлестерін қосты. Игі бастама аясында олар жұмысшыларға ыстық сусындар таратып, еңбек адамдарына жылы киімдер сыйлады.

Студенттер қала көшелерінде жұмыс істейтін адамдарға – аула сыпырушылар мен коммуналдық қызметкерлерге ыстық шай мен жылы киімдер үлестірді. Олардың қамқорлығы мен ықыласы ауа райының қолайсыз жағдайында еңбек ететін жандар үшін ерекше қуаныш сыйлады.

«Әр адамның еңбегі құрметке лайық. Біз қаламызды таза әрі жайлы ететін жандарға қолдау көрсеткіміз келді», - дейді студенттер. «Еңбегім – мәртебем!» акциясы студенттер үшін әлеуметтік жауапкершілікті көрсетудің және еңбекке құрмет білдірудің жарқын үлгісі болды. Олар тек көмек көрсетіп қана қоймай, айналасындағы адамдарға үлгі бола отырып, кішігірім игі істердің де әлемді жақсы жаққа өзгерте алатынын дәлелдеді.





## МҰҚАҒАЛИ ӘЛЕМІ

**METU-де Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби челлендж өтті. Ақын поэзиясын насихаттаған челлендж - 1000 оқырманды біріктірген рухани шара сәтті аяқталды.**

Ақпан айының басында Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде Студенттік өзін-өзі басқару жылы аясында қазақ поэзиясының заңғар биігі, жыр дүлдүлі Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби челлендж бастау алды. Бұл игі бастаманы университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы зор ықыласпен қолдап, студенттермен бірге белсенді түрде атсалысып, жастарды ақынның мәңгілік мұрасымен етене танысуға жігерлендірді.

Челлендж аясында әдеби кештер, эдвайзерлік сағаттар мен тағылымды кездесулер ұйымдастырылып, Мұқағали шығармашылығы кеңінен насихатталды. Айрықша әсер қалдырған кездесулердің бірі – Мұқағалитанушы ғалым, ақын мұрасын зерттеген, алғаш болып М.Мақатаев музейінің негізін қалаған Жұмаш Өтеевтің жары, ардагер ұстаз, ақынның ауылдасы Тілеухан Оразханқызы Мергенбаеваның және олардың қызы, белгілі журналист Арай Жұмашқызының студенттермен өткен сырлы жүздесуі болды. Бұл кеш – ақын туралы естеліктермен өрнектелген жыр кеші ғана емес, Мұқағали мұрасын жаңғыртып, жас ұрпаққа өнеге етуге арналған тағылымды басқосу ретінде есте қалды.

Кеш барысында университет кітапханасына Жұмаш Өтеевтің өмірі мен еңбегін арқау еткен «Мұқағали шырақшысы» атты құнды кітап сыйға тартылды. Әдеби челленджде мыңға жуық қатысушы ақынның жүрек тебіренер жырларын оқып, оны әлеуметтік желілерде кеңінен таратты. Әсіресе, METU-де білім алып жатқан Египет, Монғолия, Қытай, Турция, Ресей, Марокко, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б., әлемнің он бес елінен келіп білім алып жатқан шетел студенттері Агиз Хани Мохамед Эбрахим Элдесукки, Онгуз Берен, Мэти-Корли Исаак Опар бірнеше тілде ақын өлеңдерін нақышына келтіре оқуы жиналған қауымды тебіренітіп, Мұқағали жырларының шынайылығы мен құдіреті ұлт пен шекара талғамайтынын айқын көрсетті.

## ПОЭЗИЯ

## METU LIFE

Сонымен қатар, студенттер ақынның туған жері Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылына арнайы барып ақынның мұражайымен танысып және Алматы қаласындағы ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойып, өлеңдерін ескерткіш басында жарыса оқыды. Инженер мамандығының қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, рухани бай тұлға болып қалыптасуға ықпал ететін мұндай іс-шаралар жастардың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырып, М.Мақатаевтың шығармашылығын кеңінен насихаттауға, оның олмес мұрасын ұрпақ санасына сіңіруге зор үлес қосатыны сөзсіз.

Ұлы ақынның мұрасы – мәңгілік. Оны ардақтау – әрбір қазақ баласының қасиетті парызы.

Мұқағали Мақатаевтың мұрасын дәріптеуге бағытталған осы игі бастамаға белсене атсалысып, рухани құндылықтарды насихаттауға қосқан үлестеріңіз үшін сіздерге зор ризашылығымызды білдіреміз!



**Қонақбаева Айдана -  
METU студенттік ректоры  
Құрметті, Қонақбаева  
Айдана Асқарқызы!**

Сізді METU университетінің студенттік ректоры болып сайлануыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – сіздің көшбасшылық қабілетіңіздің, еңбексүйгіштігіңіз бен белсенділігіңіздің айқын дәлелі. Сізге жаңа қызметіңізде үлкен жетістіктер, жауапкершілігі мол қызметте табыс, жаңа мүмкіндіктер мен жарқын бастамалар тілейміз. Университет студенттерінің игілігі үшін атқаратын жұмыстарыңыз сәтті болсын! Алдағы уақытта да білім мен ғылым жолындағы талпыныстарыңыз жоғары белестерге жетелей берсін!



Университетте жаңашылдық көп

Студенттік өзін-өзі басқару жылы аясында жаңа спорт алаңы ашылып, секциялар жұмыс жасауда

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде жаңа спорттық кешен ашылды. Бұл жоба университетімізде жарияланған Студенттік өзін-өзі басқару жылы аясында жүзеге асырылды.

Өткен жылы студенттер университет басшылығынан спорттық кешен ашуды сұрап, өтініш білдірді. Университет осы бастаманы қолдап, студенттердің тілегін орындап, заманауи спорттық алаңды жасады.

Кешен баскетбол, волейбол, мини-футбол алаңдарымен, тренажерлық және фитнес залдарымен жабдықталған.

METU студентінің пікірі: «Енді бізде жаттығулар жасау үшін барлық жағдайлар бар. Университет басшылығы бізді естігеніне қуаныштымыз және біз қалаған жобаны жүзеге асырды. Бұл тек денсаулығымызды сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар стрессті жеңуге де көмектеседі». Кешеннің ашылуы – жылдың маңызды оқиғаларының бірі. Мұнда спорттық турнирлер мен студенттік клубтардың кездесулері өтеді.





Студенттер салауатты өмір салтын ұстанады  
Университетте «Жастардың салауатты өмір  
салтын ұстануы» атты іс-шара өтті

14 ақпанда «Инженериядағы Smart технологиялар» кафедрасының ұйымдастыруымен және Жастар саясаты департаментінің қолдауымен «Жастардың салауатты өмір салтын ұстануы» атты іс-шара жоғары деңгейде өтті.

Іс-шара барысында жастардың белсенді өмір салтын насихаттауға бағытталған спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Жарысқа қатысқан барлық командалар жоғары дайындық көрсетіп, жеңіске деген талпыныстарын көрсетті.

**Жеңімпаздар:**

- командасы Smart 1-орын –
- 2-орын – ПИ командасы
- 3-орын – ЭИБ командасы

**Арнайы номинациялар:**

- Үздік бомбардир – Өркен Мұратқали (ИТВЭЭ-24-1к)
- Үздік шабуылдаушы – Токтар Лябиров (ПИ-24-1.4к)
- Үздік қақпашы – Кайрат Мамилин (ТМО-24-1к)

Жарысқа белсене қатысқан барлық командаларға алғысымызды білдіреміз!  
Салауатты өмір салтын бірге насихаттайық!



Alash Orda Cup 2025 турнирі:  
METU студенті Аслан Уәлиев жеңімпаз

13-18 қаңтар аралығында Астанадағы «Алатау» спорт кешенінде студенттер мен оқушылар арасында кикбоксингтен республикалық Alash Orda Cup 2025 турнирі өтті.

Турнир Қазақстан Республикасының халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналды және еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас спортшыларды жинап, өз шеберліктерін көрсетіп, үздік атағы үшін күресуге мүмкіндік берді.

«Бағдарламалық инженерия» кафедрасының 1курс студенті Аслан Уәлиев осы беделді турнирде еліміздің жоғары оқу орындары арасында құрметті үшінші орынды иеленіп, Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің намысын қорғады.

Асланды лайықты марапатымен құттықтаймыз және оған оқуда да, спорттық аренада да жаңа жеңістер тілейміз!

ФОТОЭТЮД

METU LIFE





**2025** СТУДЕНТТІК  
ӨЗІН-ӨЗІ  
БАСҚАРУ  
ЖЫЛЫ

## ЖУРНАЛДЫҢ КЕҢЕСШІСІ:

METU ректоры:

Сәрсенбекова Гүлнәр Әлібекқызы

## РЕДКОЛЛЕГИЯ АЛҚАСЫ:

METU студенттік баспасөз қызметі

## Мекенжай:

Әл-Фараби даңғылы 89/21,

(Әл-Фараби даңғылы 93Г/5), 050060, Алматы

## Байланыс нөмірлері:

+7 (747) 356 7859

+7 (778) 236 6382

info@metu.kz